

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

5. Н.Қ.Жүсіпов 'Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы'. Павлодар Кереку, 2012ж – 319б

ӘОЖ: 821.512.122

МҰҢЛЫҚ-ЗАРЛЫҚ ЖЫРЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

Нәмен Қымбат Әбдіғаппарқызы

namen.k@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті

«5B011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті,
Астана, Қазақстан Ғылыми жетекші – Б. Қорғанбеков

«Мұңлық-Зарлық» жыр - қазақ эпикалық дәстүріндегі болмыс-бітімі айрықша туынды. Оның сюжеттік желісінің тартымдылығы, тілінің шұрайлылығы ғана емес, жанрлық сипатымен де өзге эпикалық жырлардан оқшауланып тұрады. Оның образдық жүйесі де көп қабатты. Сондықтан «Мұңлық-Зарлық» жырдың жанрлық ерекшеліктерін айқындауда біршама қиындықтар туып жүр. Оны Рахманқұл Бердібай көне эпосқа жатқызса, Қыдырәлі Саттаров романдық эпос үлгісі деп есептейді. Ал Бақытжан Әзібаеваның батырлық жырға жатқызған кезі де бар.

Демек, жырдың қай жанрға жататыны әлі де айқын емес. Осы тұрғыдан келгенде бұл жырдың генезисін айқындаудың қажеттілігі келіп туындайды. Біздің жұмысымыздың көкейкестілігі де осы мәселеден келіп шығады. Бұл айтылған жырдың жанрлық-стадиялық сипатын дұрыс ашу үшін бірінші кезекте генезис жайын дұрыс шешіп алу қажет. Ал генезис дегеніміз-даму қабілеті бар кез-келген зат пен құбылыстың пайда болуы, қалыптасуы, дамуы дегенді білдіреді. Біз алдымызға бұл жырдың пайда болуы дәуірін анықтап, оның көркем шығармаға айналу үдерісін және уақыт пен кеңестік аясында даму, құбылу, вариациялану картинасын көрсетуді мақсат етіп қойдық. Бұл мақсатымыздан мынандай міндеттер шығады:

-Жыр сюжеті мен кейіпкерлер құрамының тарихи шындыққа қатысын анықтау;

-Шығарма мазмұнына қатысты тарихи деректер мен заттық айғақтардың генезис мәселесіне қатыстылығын көрсету;

-Шығарма пайда болған кезден бері қарайғы тарихи оқиғалардың жырға тигізген әсер-ықпалын көрсету;

-Өзге эпос үлгілерімен контоминацияға түсу деңгейін анықтау;

-Жыршылық дәстүрдің әсер ықпалын көрсету;

-Көне сарындардың жыр құрамына ену себептері мен салдарын таныту;

«Мұңлық-Зарлық» жыр-өте ерте дәуірдің жемісі. Оны біз туынды құрамындағы көне сарындардан, қиял-ғажайып элементтерден анық байқаймыз. Бірақ солай бола тұра онда шығыс халықтарының әдеби фольклорлық дәстүрінің ықпалы да және тарихи кісі есімдерімен ру-тайпа аттары да, жер-су аттары да кездесетіндігі оның реалды шындыққа қатыстылығын да аңғартады. Осыған қатысты нақты сауалдар туындайды. Бірінші кезекте, жыр тарихи негізде пайда болып, кейіннен мифтік сарындармен суарылған ба жоқ әлде мифтік дәуірдің жемісі ретінде өмір сүре келіп, соңыра тарихи элементтерді қамтып алған ба деген сұрақтың туатыны сөзсіз. Ал жырдың шығыстық қисса-дастандармен байланыс себептері неде? Бұл сауалдарға жауап беру үшін сөз жоқ оның тарихи шындыққа қатыстылығын тереңірек қарастырудың қажеттілігі келіп шығады. Біздің қарастыруымыз бойыншы жыр қазақ даласында болған нақты тарихи оқиғаларға байланысты туған. Бірақ уақыт өте келе оның тарихилық сипаты әлсіреп, ондағы халық қиялының үлесі арта түскен. Әдетте, халық қиялы бірінші кезекте мифологияға жүгінеді. Біздің жырды мифтік ойлаудың жемісі емес деп есептеуімізге негіз болатын бірнеше дәлелдер бар. Мәселен, жыр өте көне замандарда пайда болған болса, оның таралу ауқымы географиялық тұрғыда да этникалық

тұрғыда да өте кең болуы тиіс. Ал Мұңлық-Зарлық жыры тек қана Оңтүстік Қазақстан өңірінде ғана және қарақалпақтар мен қырғыздар арасында ғана айтылған. Жырдың шығу, таралу жағрапиялылық локальдылығы сөз жоқ өзін тудырған тарихи дәуір мен оқиғаға қатысты деп есептейміз. Сондай-ақ көне эпос үлгілері өз бойына өзге ұлттық әдеби фольклорлық әсер-ықпалды көп дарыта қоймайды. Ал Мұңлық-Зарлықта шығыстық сарындар көп. Бұл да оның мифологиялық ойлаудың жемісі емес екендігін аңғартады. Осы негізге сүйене отырып, біз жырдың пайда болған дәуірін Сұлтан Санжар селжукид (мазыхан) өмір сүрген кезеңмен оның ортасына қатысты деп есептейміз. Бұл пікірімізге де таяныш ететін дәлелдеріміз бар. Атап айтсақ, жырдың қарақалпақ нұсқасында Санжар деп айтады. Ал Сұлтан Санжар Мазыхан қарақалпақ эпикалық дәстүрінен берік орын алған эпикалық билеуші. Ал тарихи мәліметтерге жүгінсек, мази деп Сұлтан Санжар селжукидті ғана атағандығына көз жеткізе аламыз. Қазақ тілінің артикуляциялық ерекшелігіне орай сөз басындағы С дыбысын Ш дыбысымен аустырып айту жиі қолданылады. Сол себепті Санжар қазақша нұсқада Шаншар болып кеткен. Санжар Сұлтанның есімінің қазақ фольклорында Шаншарға айналуының бір дәлелін біз Бегім Ана аңызынан да көре аламыз. Тарихта Сұлтан Санжардың шындығында да перзенті болмаған. Сұлтан Санжар тағдырын осы ерекшелігі – жырдың пайда болуының бастапқы түрткісі болған деп болжаймыз.

«Мұңлық-Зарлық» дастанын алғаш рет баспаға әзірлеп жариялаған Жүсіпбекқожа Шайхысламұлы. Мұңлық-Зарлық жыры алғаш рет 1896 жылы араб әрпінде жарияланып, 1917 жылға дейін он екі рет кітап болып басылған. Кеңес кезіндегі жарияланымдарда жыр мәтіні біраз өзгеріске ұшырап басылған. 2008 жылы дастан “Бабалар сөзі” ғылыми сериясының елу екінші томында түпнұсқадан алынып, еш өзгертусіз басылып шықты [1. 304-314б].

Жыр сюжеті өте бай, шытырман, оның ерекшелігі – біртұтас көркем бірлік құрайтын алуан-алуан мотив пен эпизодтарды қамтуында, ал олар өз кезегінде сюжеттің көнелігін айғақтайды. Сонымен қатар мұнда дастандық эпосқа тән белгілер бой көрсетеді. Мысалы, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы мейірімге толы жылылығымен ерекшеленеді, әсіресе аға мен қарындас арасы, отбасымен кездескен кездегі Қаншайымның ішкі сезімін сипаттағанда “Есінен әбден танады, танғанының белгісі, ақылы кетіп қалады” т.б.с.с дастандық дәстүрдегі типтік баяндаумен қатар жыршы “Қаншайым күйіп барады” деген формуланы қолданады. Біздіңше, жазықсыз жапа шеккен жар, жаланың кесірінен ұзақ жыл балаларынан ажырап, азап тартқан ананың сол сәттегі көңіл-күйі, сезімі дастандық рухта дәл жеткізілген [2. 283-284б].

Ал дастанның көркемдігі туралы Р. Бердібаевтың айтқанын келтіруге болады: “Ал жыр көркемдік кестесі келісті композициялық бітімі жағынан да ерекше назар аударарлық. Оқиғаның дамуы тыңдаушыны да, оқушыны да тартып отырады. Баяндау мен суреттеудің неше алуан тәсілі қолданылған. Эпосты айтушы, шығарушы жыр дәстүрін, сөз кестесін жақсы меңгере отырып, өзі де көсіле жырлайды” [3. 78-80б].

Барлық аңыздың түбегей түбінде шындық, тарихи болмыс жатады. Қазақтың қандай да бір дастан-жырын алып қарасақ та, белгілі бір кезеңдегі тарихи оқиғаға негізделгенін көреміз. Егер Мұңлық-Зарлық жайлы аңыз түбі жат, кірме дүние болса, оның кейіпкерлеріне байланысты Сыр бойында жер, су аттары қойылмас та, сақталмас та еді. Мәселен, Республикамыздың Оңтүстігіндегі Арыс қаласынан Шардара қаласына қарай бағытталған автомобиль жолы Сырдариядан өткен соң, көп ұзамай Сырдың сол жағасын бөктерлей Балтакөл, Маяқұм, Ақинтоғай, Ақтөбе елді мекендерін басып өткен үлкен жолға қосылады. Сол жерден Сыр жиектеп, Шардараға қарай жол кетеді. Осы үш жолдың түйіскен жерінен екі-үш шақырым жоғары жүрсе, жол жиегіне жақын әулие қорым бар. Ол қорымды бізге белгісіз заманнан бері “Мұңлық-Зарлықтың қорымы” деп атайды. Осы әулие қорымның сәл жоғарғы жағында, дария ортасында Қаншайымарал деген арал бар. Ежелден келе жатқан аңыздарда Шаншарханның жігіттері “бала емес, күшік тапты”-деген соң, хан жарлығымен Қаншайымды кі күшігімен осы аралға әкеліп тастаған. Қашан қос перзенті-Мұңлық-Зарлыққа табысқанша, Қаншайым осы аралды мекендеген дейді. Сондықтан арал күні бүгінге дейін Қаншайымарал аталады. “Мұңлық-Зарлық” жырында бастан-аяқ Шөгірлі тауы сөз болады.

Шаншарханның аң аулайтын, Мұңлық-Зарлықты киіктің емізіп асырайтын, жырдың ең срында қасірет көрген екі жетімнің әкесі Шаншархамен табысқан жері де осы-Шөгірлінің тауы. Қыдыр қонып, бақ дарыған осы Шөгірлі тауы да Мұңлық-Зарлық қорымынан қашық емес. Қаншайымаралға тұстас дарияның оң жақ бетінде, Қожатоғай ауылының терістік шығысында “Задарья” кеңшарының мал жайылымы бар. Көптеген шопанның құт қонысы. Үлкен асфальт жол Қожатоғай ауылына жақындағанда, жолдың Сыр жақ бетінде “Шөгірлі ауыл” деген үлкен жазу тұр. Шөгірлі ауылының жері бір жағы Шөгірлі тауына, бір жағы Сырдарияға жалғасады. [4.23-276].

Жырдың сюжетінің образдар жүйесінің тарихи негіздері болған деуге таяныш ететін тағы да бір дәлеліміз-кейбір кейіпкер есімдерінің ортағасырларда қазақ даласында болған ру-тайпа аттарымен сәйкестігі. Атап айтсақ: барын, чавдур. Бұлар қазіргі түркімен халқының құрамында бар ру-тайпалар. Бұл да бір кездегі Сыр бойын оғыз тайпаларының мекендеген дәуірінен қалған жыр құрамындағы рудимент. Яғни бұл да жырдың тарихи негізі Сұлтан Санжар дәуірінде жатқандығын дәлелдейтін тағы бір айғақ. Әуел баста Сұлтан Санжардың баласыздығы мен ата-анасыз өскен жас балалар туралы аңыздау уақыт өте келе жырдың тарихи негізінен әлдеқайда ілгері дәуірлерде туған көне сарындармен толықтырылған. Ол сарындардың қатарында ата-анасыз сәбилерді аңдардың асырауы, Ғайып Ерен қырық шілтеннің қамқорлығы, сыртқы жаулармен күрес сияқты тағы басқаларын айтсақ болады.

Негізінен бұл жыр Оңтүстік Қазақстан мен қарақалпақтар арасында ертерек жырланды. Ал қырғыздарға қазақтардан ауысып барған сияқты. Біздің пікірімізше қырғыз жыршылары Мұңлық-Зарлықты Майкөт Сандыбайұлынан немесе Жамбылдан үйренген болуы мүмкін. Қырғыздар арасында болып, эпикалық жырлар көп айтқан осы екі ақын болатын. Бірақ бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді. Жырдың қырғыздарға қазақтардан ауысып барғандығының дәлелі ретінде мыналарды айтуға болады. Қарақалпақтарда кейінгі ғасырларда романдық эпостың ықпалы күшейе түскен. Сондықтан мұнда тыңнан кейіпкерлер мен эпизодтар қосылған. Жырдың Кәрам жырау жырлаған қарақалпақ нұсқасында: Қаншайымды Бай-Төре қойшының асырауы, Мұңлықты Бай-Төре қойшыға ұзатуы, Зарлық пен Құралай сұлудың Ақсарыбас патшаның еліне баруы сынды эпизодтар қосылған. [5.58-1026] Ал жырдың Қ.Салибаев жырлаған қырғыз нұсқасында Мұңлықтың ағасын іздеп жолға шығуы, Құралайды көшіріп келуі сияқты эпизодтар бар. [6.104-1616] Бұл шығарманың көлемін көбейте түскен. Ал қазақтарда көшпелі өмір салтының басымдылығына байланысты қахармандық жырдың ықпалы күшейген. Мұны Зарлықтың саны көп жаумен жалғыз соғысуынан басқа да ерлік-істерінен көруге болады. Жыр қарақалпақ, қырғыз, қазақ ұлттары дербес қалыптаса бастаған кезде де өзіндік даму арнасына түскен. Әр ұлттың эпикалық дәстүрі мен жекелеген жыршының шығармашылық қабілет ерекшеліктері әсер еткен. Біздің қолымызда жырдың төрт түрлі ұлттық нұсқасы бар.

Эпизодтар мен сарындардың ұлттық нұсқалардағы көрінісі

Сарындар мен эпизодтардың реттік саны араб цифрымен беріледі.

“+” таңбасы сарын немесе эпизодтың барлығын, “-” таңбасы жоқтығын білдіреді.

“АС” таңбасы “аздаған сәйкессіздігі бар” дегенді білдіреді.

№		Қарақалпақ	Қырғыз	Қырғыз	Қазақ
		1	2	3	4
1	Шаншар ханның перзентсіздік зары	+	+	+	+
2	Бір ұл, бір қыз тууға кепілдік берген Жәудір шалдың қызы Қаншайымға үйленуі	+	+	+	+
4	Қалыңмалға берілген қапшықтың қанша алтын салса да толмауы	+	+	+	+
5	Қаншайымның алтын айдарлы	+	+	+	+

	ұл,күміс айдарлы қыз тууы				
6	Хан әйелдерінің қызғанып,мыстан кемпірге жаңа туған балаларды ұрлатуы	+	+	+	+
7	Сәбилердің орнына екі күшік салуы,Қаншайымға күшік тудың деп жала жабуы	+	+	+	+
8	Хан Қаншайымды дарға асуға бұйыруы,бірақ дардың жібі үш рет үзілген соң,қауіпті аралға апарып тасталуы	+	АС	АС	+
9	Мыстан кемпірдің жаңа туған нәрестелерді суға тастауы	+	+	+	+
10	Балаларды Ғайып Ерен қырық шілтеннің суға түсірмей қағып алып,Шөгірлі тауына апарып, тастан үй салуы	+	+	АС	+
11	Балаларды киіктің емізуі	+	+	АС	+
12	Ғайып Ерен қырық шілтендер жиналып,ұлдың атын-Зарлық,қыздың атын-Мұңлық деп қоюы	+	+	АС	+
13	Алпыс қатын балалардың аман екендігін біліп,мыстан кемпірге балаларды өлтіруді қайта тапсыруы	+	+	+	+
14	Мыстан кемпірдің Мұңлыққа келіп,"ағанды Күлмесханның еліне жібер,онда барыпғат пен тон әкелсін"деп азғыруы	+	+	+	+
15	Зарлықтың Күлмесхан еліне келіп онымен жолығуы	+	+	+	+
16	Күлмесханның күлуі	+	+	+	+
17	Зарлықтың шахарға кіріп,тамақ жеп,киім таңдап,ақысын төлемей,қалмақтармен соғысуы	+	+	АС	+
18	Күлмесханның "қызым Құралайды беремін"деп қырық жігітті Зарлыққа жіберуі	+	+	+	+
19	Құралайды Қарадәудің ұрлап әкетуі	+	+	+	+
20	Зарлықтың Қарадәуді жеңіп, Құралай сұлуды құтқаруы	+	+	+	+
21	Зарлықтың Құралайға үйленуі	+	+	+	+
22	Зарлықтың түсіне Мұңлықтың кіруі	+	+	АС	+
23	Зарлық пен Құралайдың Мұңлықты іздеп жолға шығуы	+	+	+	+
24	Ақсарыбас дәудің еліне барып,Мұңлықты іздеуі	+	-	-	-
25	Құралайдың Ақсарыбас дәуге айла жасағандығы, Зарлықты дуалап уақытша түйеге,сосын	+	-	-	-

	ақ қошқарға, сосын бұқаға айналдыруы				
26	Зарлықтың Ақсарыбас дәуді өлтіріп, Мұңлықты құтқарып, Күлмесханның еліне қайта оралуы	+	-	-	-
27	Күлмесхан Шаншарханға бір ұл, бір қызың бар деп хабар жіеруі, тойға шақыруы	+	-	-	+
28	Шаншарханның Күлмесханның еліне келуі	+	-	-	+
29	Зарлық пен Құралайдың ат шаптырып жарысуы, бел күреске түсуі	+	-	-	-
30	Шаншарханның балаларымен табысуы	+	+	+	+
31	Мұңлықтың анам тірі, анамды тауып кел, деп Шаншарханға өкпелеуі	+	+	+	+
32	Шаншархан уәзірлеріне Қаншайымды тауып келуге жұмсауы	+	+	АС	+
33	Қаншайымды бір үңгірде екі күшігі аң аулап асырағандығы және Бай-Төре қойшының қамқорлығы	+	АС	АС	АС
34	Қаншайымның уәзірлерге Шаншарханның өзі келсін деп айтуы	+	-	-	+
35	Қаншайымның Бай-Төре қойшыға қызым Мұңлықты беремін деп айтқан уәдесі	+	-	-	-
36	Шаншархан мен Қаншайымның табысуы	+	+	+	+
37	Шаншарханның алпыс қатын мен мыстан кемпірдің жасаған қастандығы үшін отқа тастап, өртеуі	+	+	+	+
38	Мұңлықты Бай-Төре қойшыға ұзатуы	+	-	-	-
39	Зарлықтың хан болып, мұрат-мақсаттарына жетуі	+	+	+	+

Қорыта айтқанда, «Мұңлық-Зарлық» жыры- Сұлтан Санжар селжукид дәуірінде пайда болып, Кейінгі дәуірлердің тарихи шындығына қатысты образдар, сюжеттік желілер мен сарындар қосылған. Ж.Шайхысламұлы тағы да басқа жыршылардың жырлаған нұсқаларын салыстыра келе осының ішінде өзінің сипатын көбірек сақтаған қазақ нұсқасы деп есептейміз. Өйткені мұнда өзге ұлттық нұсқаларға ортақ сюжеттік желілер мен образдар басым. Ал жекелеген нұсқаларда ғана кездесетін образдар мен эпизодтарды біз кейіннен қосылған деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі.-Алматы.1993.
2. Әзібаева Б. Қазақ дастандары.-Алматы.2010.
3. Бердібаев Р.Қазақ эпосы.-Алматы.1982.

4. Шілтерханов Ә.Шығармалары.Екінші том.-Ордабасы.2007.
5. "Мұңлық-Зарлық" Баспаға әзірлегендер:А.Каримов және М.Низаматдинов.-Нөкис, »Қарақалпақстан» баспасы,1994.
6. Мундук - Зарлық. Кыз Дарыйка. Нарикбай:поэмалар;А.Акматалиевтің редакциясы астында. «Эл адабияты» сериясы. Он бірінші том. -Бишкек.»Шам» баспасы,2002.

ӘОЖ 81'38

СТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Наурызбекова Сыйлыгүл Наурызбекқызы

sika_s@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы МҚТӘ-11 тобының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.К.Ахметова

Стилистика, стиль ұғымының мәні тілдің коммуникативтік аспектісімен, тілдің қолданысымен, қызмет ету жағдайымен тығыз байланысты. Бұл мәселе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы тілші ғалымдардың ізденістерінен көрініс табады. Солардың ішінен А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.В.Винокур, А.Н.Гвоздев, А.И.Ефимов, В.П.Мурат еңбектерін атауға болады.

Қазақ тіл білімінде ғылыми сала ретінде кештеу пайда болғанымен, жалпы бұл мәселе төңірегінде мәселелердің зерттелуі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» [1] сөз өнеріне, көркем сөз бен көсем сөзге қатысты келтірген ой толғамдары, Қ.Жұбановтың Абай поэтикасына ғылыми тұрғыда баға берген «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» [2, 250] атты мақаласы және басқа да зерттеулері бұл салада жазылған алғашқы еңбектер болды. Ал стилистика жеке ғылыми сала болып қалыптасып, өзінің мақсат-міндеттерін айқындағаннан кейін, бұл саланы М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев, Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай сынды ғалымдар жан-жақты зерттеп, құнды ғылыми еңбектер жазды.

Қазақ тіл ғылымында стилистика саласы бойынша жазыған көптеген кітаптардың авторы М.Серғалиев өз еңбегінде стиль мәселесінде екі жағдайға баса назар аударудың реті бар деп көрсетеді: "Біріншіден, стиль сөзі адамның ғана қабілетіне, қимыл әрекетіне байланысты жұмсалады, адамның ғана бойына лайық қасиеттерді көрсетеді. Әлдекім "мына ғимараттың стилін айтсаңшы" немесе "стиль деп мына ұшақты айтсаңшы!" дегендей таңдай қақтырарлық сезімін жеткізген сөзінде, сол ғимараттың жобасын жасаған сәулетшінің немесе сол ұшақтың дүниеге келуіне бар талантын жұмсаған авиаконструктордың еңбегіне сүйсінгені белгілі болып тұрады. Екінші жағынан, стиль сөзі өзі тектестердің ішінде ерекшелікті, өзгеге ұқсамауды танытатын мағынаны білдіреді" [3, 6-7]. Ғалымның бұл пікірі өте орынды, себебі кез келген нәрсе – ол өз жасаушысының дара туындысы, соған орай оның әрбір еңбегінде оның өзіндік дара қолтаңбасы, өзіне ғана тән стилдік бейнесі байқалып тұрады. Енді осы келтірілген мысалды тіл білімі турасында қарастыратын болсақ, адамның әртүрлі ортадағы сөйлеу ерекшелігі, сөз қолданысының айырмашылықтары, сөздерді қолдану реті мен оны орынды жұмсаудың мәселелері - сөз өнеріндегі стиль мәселесіне алып келеді. Сондықтан бұл тақырып - тіл білімінде үздіксіз жан-жақты зерттеуді талап ететін, қызық та күрделі тақырыптардың бірі. Қазіргі таңда стиль ұғымы тікелей адаммен байланыстырылып, ол жеке салаларда тереңінен зерттеліп жүр. Сондықтан ғалымның стиль турасында айтқан ойы бүгінгі таңға дейін өзектілігін жойған жоқ.

Сонымен қатар, М.Серғалиев стильдің 4 түрлі қасиетін былайша сипаттайды:

- 1) Стиль - тарихи категория;
- 2) Стиль - әдеби тілдің бір түрі, демек, сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар;